

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

6 (412)

NOVEMBER – DECEMBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 6. Number 412 (2024), 421–434
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.878>

MPHTH 06.73.35
UDC 33 336.763

© A. Utzhanova*, A. Zhagyparova, 2024.

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Email: Utzhanova.a@gmail.com

ANALYSIS OF THE DEVELOPMENT OF THE OVER-THE-COUNTER (OTC) DERIVATIVES MARKET IN DEVELOPED AND DEVELOPING COUNTRIES

Utzhanova Assiya – PhD candidate at Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Master of Science in Finance from Nazarbayev University Graduate School of Business, Utzhanova.a@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-6559-0166>;

Zhagyparova Aida – candidate of economic sciences, Associate Professor, Dean of Faculty of Economics at Eurasian National University named after LN Gumilyov, Zhagyparova_Aida@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4792-9450>.

Abstract. The derivatives market plays an important role in the development of capital markets through effective financial risk management, in increasing foreign investment and in supporting economic growth in developing and developed countries. Due to the slowdown of the growth rate of the world economy due to the COVID-19 pandemic, volatile global macroeconomic conditions, the need for effective management of financial risks is increasing for economic entities. Also, within the framework of growing integration of Kazakhstan's economy into the global capital markets, this topic is becoming more relevant for the development of the derivatives market. This article analyzes the dynamics of the development of the OTC (over-the-counter) derivatives market in developing and developed markets using data on forwards, options and swaps. This study is based on quantitative methods based on a statistical survey conducted by the Bank for International Settlements on derivatives transactions of more than fifty countries in 1998-2022 window trading activity. This article defines the factors important for the development of this market as well as the characteristics and trends of the development of the OTC derivatives market in developing and developed economies. Despite that the turnover of OTC derivatives transactions in developing countries is lower than in developed countries, the growth rate in developing countries is higher. Also, a positive sentiment regarding the growth rate of developing economies will contribute to the further development of the OTC derivatives market. As a result of the study recommendations are provided for OTC (over-the-counter) derivatives market for developing economies in various

directions including development of market infrastructure, liquidity management, risk management, extension of available instruments and legal framework.

Keywords: derivative financial instruments, OTC contracts, developing and developed markets

©А.Г. Утжанова*, А.О. Жагыпарова, 2024.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Email: Utzhanova.a@gmail.com

ДАМУШЫ ЖӘНЕ ДАМЫҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ БИРЖАДАН ТЫС (ОТС) ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ

Утжанова Асия – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің экономика факультетінің докторанты, Назарбаев Университеті Жоғары бизнес мектебінің қаржы саласының ғылым магистрі, Utzhanova.a@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-6559-0166>;

Жагыпарова Аида – экономика ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің экономика факультетінің деканы, Zhagyparova_Aida@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4792-9450>.

Аннотация. Дериватив құралдар нарығы дамушы және дамыған елдерде қаржы тәуекелдерін тиімді басқару арқылы капитал нарықтарын дамытуда, шетелдік инвестицияларды арттыруда және экономикалық өсуді қолдауда маңызды рөл атқарады. COVID-19 пандемиясына байланысты жаһандық экономиканың өсу қарқынының бәсеңдеуі, әлемдегі тұрақсыз жаһандық макроэкономикалық орта экономикалық субъектілер үшін қаржылық тәуекелдерді тиімді басқару қажеттілігі артып келеді. Сондай-ақ Қазақстан экономикасының әлемдік капитал нарықтарына интеграциясының күшеюі аясында бұл тақырып туынды қаржы құралдар нарығының дамуы үшін өзекті болып келеді. Бұл мақалада дамушы және дамыған нарықтардағы биржадан тыс ОТС (over-the-counter) құралдар нарығының дамуының динамикасы негізіндегі форвардтар, опциондар, своптар айналымы бойынша деректер арқылы талданады. Бұл зерттеу Халықаралық есеп айырысу банкінің (Bank for International Settlements) 1998 жылдан 2022 жылға дейінгі елуден астам елдердегі дериватив құралдарымен жүргізген мәмілері бойынша статистикалық шолуына сандық бағалау әдістеріне негізделген. Бұл мақалада нарықтың өсуі үшін маңызды факторлар анықталады және биржадан тыс ОТС (over-the-counter) дериватив құралдары нарығының дамушы елдерде дамыған елдермен салыстырғанда өсу ерекшеліктері мен тенденциялары анықталады. Дамушы елдердің дамыған елдерге қарағанда туынды құралдар айналымы азырақ болғанымен, өсу қарқыны жоғары болып келетіні көрсетіледі. Сонымен қатар дамушы экономикалардың өсуіне бағытталған позитивті сентимент бұл нарықтарда туынды құралдардың айналымының алдағы уақытта өсуіне қолдау көрсетеді. Жүргізілген талдау нәтижесінде дамушы елдер үшін нарықтық инфрақұрылымды дамыту, өтімділікті басқару, тәуекелдерді

басқару, деривативтер құралдарының түрлерін кеңейту және құқықтық базаны жетілдіру бойынша биржадан тыс ОТС деривативтер нарығын дамыту үшін әртүрлі бағыттарда ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: деривативтер, ОТС келісімшарттар, дамушы және дамыған нарықтар.

© А.Г. Утжанова*, А.О. Жагыпарова, 2024.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан.

E-mail: Utzhanova.a@gmail.com

АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ РЫНКА ВНЕБИРЖЕВЫХ (ОТС) ДЕРИВАТИВОВ В РАЗВИТЫХ И РАЗВИВАЮЩИХСЯ СТРАНАХ

Утжанова Асия – докторант экономического факультета Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, магистр наук по финансам Высшей Школы Бизнеса Назарбаев Университет, E-mail: Utzhanova.a@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-6559-0166>;
Жагыпарова Аида – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, декан экономического факультета Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, E-mail: Zhagyparova_Aida@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4792-9450>.

Аннотация. Рынок деривативов играет важную роль в развитии рынков капитала посредством эффективного управления финансовыми рисками, увеличения иностранных инвестиций и в поддержке экономического роста в развивающихся и развитых странах. В связи с замедлением темпов роста мировой экономики из-за пандемии COVID-19 и нестабильной глобальной макроэкономической конъюнктурой для экономических субъектов возрастает необходимость эффективного управления финансовыми рисками. Также в рамках растущей интеграции экономики Казахстана в мировые рынки капитала данная тема становится более актуальной для развития рынка производных инструментов. В данной статье проведен анализ динамики развития рынка внебиржевых ОТС деривативов в развивающихся и развитых странах с использованием данных по операциям с форвардами, опционами и свопами. Это исследование основано на количественных методах на основе статистического обзора по операциям с деривативами в более чем пятидесяти странах мира за 1998-2022 годы, проведенного Банком международных расчетов. В данной статье определяются факторы важные для развития данного рынка, а также определяются характеристики и тенденции развития внебиржевого рынка деривативов в развивающихся и развитых странах. Несмотря на то, что оборот по операциям с внебиржевыми деривативами в развивающихся странах ниже, чем в развитых странах, темпы роста в развивающихся странах выше. Также позитивный сентимент в отношении темпов роста развивающихся экономик будет способствовать дальнейшему развитию рынка внебиржевых деривативов. В результате исследования приведены рекомендации по развитию

рынка внебиржевых деривативов для развивающихся стран по различным направлениям, включая развитие инфраструктуры рынка, управление ликвидностью, управление рисками, расширение спектра доступных инструментов, правовой базы.

Ключевые слова: деривативы, внебиржевые контракты, развивающиеся и развитые рынки.

Кіріспе

Әлемдік қаржы нарықта деривативтерді хеджирлеу мақсатында қолдану соңғы 40 жылда айтарлықтай өсті. Деривативтер – екі жақтың базистік активке қатысты белгіленген талаптармен теңшелген келісім-шарттар. Деривативтер экономикалық субъектілерге өздерінің операциялық және қаржылық тәуекелдерін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Дамушы нарықтарда валюта бағамдары, пайыздық мөлшерлемелер және капитал ағындары дамыған елдерге қарағанда құбылмалы болады, бұл деривативтердің тәуекелдерді басқару үшін және капиталға қолжетімділікті жақсарту үшін маңызды екенін айқындайды. Экономикалық субъектілер деривативтерді қаржы тәуекелдерін басқару құралдары ретінде келесі мақсаттарда пайдалана алады: Корпорациялар валюталар құнының өзгеруіне және пайыздық мөлшерлемелер ұшырауын хеджирлеу; Энергетикалық компаниялар шикізат бағасының өзгеруін хеджирлеу; Активтерді басқарушылар өздерінің қалаған инвестициялық тәуекелін (investment exposure) тиімді алу; Зейнетақы қорлары ұзақ мерзімді міндеттемелерінде пайыздық тәуекелді хеджирлеу; Банктер өз активтері мен міндеттемелері арасындағы тәуекел сәйкессіздіктерін басқару. Бірқатар шетелдік ғалымдар өз еңбектерін туынды құралдар нарығының қызмет етуінің негіздері мен басқа аспектілеріне, соның ішінде олардың баға белгілеуіне, сауда стратегияларына, тәуекелдеріне және реттеуіне арнады. Фишер Блэк пен Майрон Шоулз опционның Black-Scholes баға моделін әзірледі (Black & Scholes, 1973). Роберт Мертон Black-Scholes опциондық баға моделін кеңейтеді (Merton, 1976). Джон Косс, Стивен Рос және Марк Рубенштейн опцион бағасының биномдық моделі әдісін әзірледі (Cox, et al, 1979). ISDA қауымдастығының зерттеулері бойынша туынды қаржы құралдары экономиканың өсуін қолдауда және дамушы және дамыған юрисдикциялардағы капитал нарықтарын дамытауда маңызды рөл атқарады. Осыған жету үшін дамушы және дамыған нарықтар үшін қатысушылардың тәуекелдерді басқару үшін туынды қаржы құралдарды қалай пайдалана алатынын құқықтық, реттеуші және тәуекелдерді басқару мәселелері жақтардан шешу маңызды. Дүниежүзілік туынды қаржы құралдар нарығын дамыту мәселелері биржадан тыс қатысушыларды біріктіретін Халықаралық своптар және деривативтер қауымдастығы зерттеулерінде бұл сұрақтар қарастырылады. Ұйымның қызметі жаһандық биржадан тыс туынды нарықтар жұмысының тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған (ISDA, 2024).

Қаржы саясатының тиімділігін арттыру шеңберінде Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2020 жылғы 24 қаңтардағы елдің экономикалық дамуына арналған кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев Қазақстанда хеджирлеу инфрақұрылымын дамыту және бағалы қағаздар нарығын дамыту бойынша тапсырмалар берді (Akorda.kz, 2020). ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі сондай-ақ 2024 жылға арналған бағалы қағаздар нарығын дамытудың жеке бағыты ретінде нарықтың ішкі өтімділігін арттыру және инвестициялау үшін қауіпсіз орта құруды анықтайды (ҚР ҚНРДА, 2024).

Қазақстан компанияларының тәуекелдерін хеджирлеу үшін туынды қаржы құралдарын (DFI) дамытудың тенденциялары мен ықтимал хеджирлеу шаралары бұдан бұрын ғылыми мақалаларда қарастырылды. Оларды пайдаланудың салыстырмалы түрде жоғары құнын, қаржы құралдары нарығының ашықтығы деңгейін бірнеше авторлар зерттеген (Коржегулова және басқа, 2018). Осы тақырыптың маңызды өзектілігіне қарамастан, бағалы қағаздар ішінде туынды қаржы құралдарының жергілікті нарығын, атап айтқанда, оның құралдары мен реттеуін зерттеу жұмысы жеткілікті түрде дамымаған. Деривативтер бойынша заңнамалардың дамуын ескере отырып, дамушы елдерде және Қазақстандағы туынды құралдар нарығының теориялық, әдістемелік, практикалық аспектілері бойынша зерттеу маңызды және өзекті болып келеді. Бұл зерттеудің мақсаты – статистикалық деректемелер негізінде дамушы және дамыған мемлекеттерде биржадан тыс ОТС деривативтер нарығының даму динамикасын талдау, оның өсуіне қандай факторлар маңызды болып келгенін айқындау. Зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы деривативтер нарығының дамушы елдерде даму үрдісін талдау, даму тенденциялары мен ерекшеліктерін айқындау, бұл құралдардың даму бағыттарына байланысты ұсыныстар беру. Бұл жұмыстың нәтижелерін жергілікті деривативтер нарығын жетілдіру үшін қарастыруға болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы жазу үрдісінде дүниежүзіндегі биржадан тыс (ОТС) валюталық және пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдар нарықтарының көлемі мен құрылымы туралы статистикалық ақпарат BIS-тің Trillennial Survey (BIS, 2022) дереккөзінен қарастырылды. BIS-тің шолуы биржадан тыс валюта нарығының ашықтығын арттыру, әлемдік орталық банктерге және нарық қатысушыларына әлемдік қаржы нарықтарын бақылауға көмектесу және биржадан тыс валюта нарығындағы реформалар туралы ақпараттандыру мақсатында жиналады. Оған G20 мақұлдаған Data Gaps Initiative қолдау көрсетеді. Бұл шолу 1200-ден астам банктер мен басқа дилерлерден ақпаратты қамтиды.

Бұл зерттеу елу бес елдің, оның ішінде дамыған және дамушы елдердің туынды қаржы құралдары нарығындағы қолданыстағы пайыздық және валюталық құралдарға салыстырмалы шолуды, олардың айналымының динамикасы бойынша талдауды қамтиды. Туынды құралдардың түрлері бойынша кейбір аспектілеріне елдер бойынша салыстырмалы талдау жасалады. Осы мақаланы жазу барысында қарастырылатын міндеттерге байланысты

ғылыми зерттеудің әртүрлі әдістері пайдаланды. Талдаудаға гипотезаларды құрастыру, дедуктивті талдау тәсілдері, статистикалық деректерді талдау, сандық және сапалық ақпаратты жүйелеу, жалпы экономикалық және қаржы принциптерінің теориялық негіздері мен құқықтық базаға шолу әдістері қамтылды.

Нәтижелер мен талқылау


Бірыңғай валютадағы пайыздық мөлшерлеменің биржадан тыс туынды құралдарының айналымы 2022 жылдың сәуірінде күніне орта есеппен 5.7 трлн АҚШ долларды құрады. Бұл 2019 жылғы сәуірдегі сауалнамамен салыстырғанда шамамен 26%-ға төмен (күніне 7.2 трлн АҚШ доллары) (1-сурет). Бұл негізгі валюталардағы бағамдардың болашақ пайыздық мөлшерлеме динамикасына қатысты күтулердің өзгеруі, жалғасып жатқан Ковид-19 үзілістері және геосаяси шиеленістердің өсуі кезеңіне байланысты төмендеді. Контрактілер айналымының төмендеуіне ықпал ететін ең маңызды фактор – негізгі валюталар үшін LIBOR-дан ауысу реформасы. 2022 жылдан бастап бірнеше негізгі валюталар үшін жаңа мөлшерлеме жарияланды. Бұл реформа Libor-дық прогнозты мөлшерлемелерді пайдаланатын форвардтық мөлшерлеме келісімдері (FRAs) бойынша айналымның төмендеуіне әкелді. 1998 жылдан 2022 жылға дейін әлемдік бірыңғай валютадағы пайыздық мөлшерлеменің биржадан тыс туынды құралдарының айналымы шамамен 36.82% жылдық жиынтық өсу қарқынымен өсті.

Дамушы экономикаларда биржадан тыс (ОТС) бір валютадағы пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдарының жаһандық айналымының шағын үлесін құрайды. Әлемдік нарыққа 0,1%-дан үлесі көп көлемді дамушы елдердің қатарынан Қытай (0,2%), Оңтүстік Африка (0,2%), Корея (0,2%), Үндістан (0,1%), Мексика (0,1%), Бахрейн (0,1%) және Біріккен Араб Әмірліктері (0,1%) ғана жеткізді.

Кесте 1. Елдер бойынша биржадан тыс (ОТС) бір валютадағы пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдарының айналымы (млн АҚШ доллары)

АҚШ доллары млн	1998	2001	2004	2007	2010	2013	2016	2019	2022
Еуропа Одағы	108 874.89	276 218.97	359 096.62	468 380.86	499 346.79	442 157.88	269 248.88	299 885.65	619 502.21
АҚШ	58 446.86	115 668.15	317 436.06	525 010.74	641 833.83	628 153.22	1 240 775.69	2 356 103.22	1 689 144.48
Жапония	31 623.36	15 761.46	30 869.04	76 357.43	89 923.41	67 135.83	55 910.45	74 723.93	50 735.77
Канада	6 415.38	9 916.15	12 117.57	20 582.08	41 691.57	33 974.98	32 788.69	122 693.96	72 165.03
Ұлы Британия	122 908.13	237 761.95	563 008.99	957 092.61	1 234 901.93	1 347 748.98	1 180 245.78	3 670 238.43	2 626 079.76
Австралия	2 829.50	9 811.24	12 754.06	22 724.81	40 641.64	66 184.27	56 385.40	97 099.13	112 725.32
Бахрейн	186.39	217.15	96.98	141.48	47.92	86.52	541.10	398.66	5 936.61
Бразилия		261.80	897.70	126.15	6 961.73	3 537.01	1 299.64	1 865.05	1 848.83
Чили			19.62	5.25	200.18	132.80	300.89	1 029.64	1 360.78
Қытай					1 521.27	12 966.02	4 086.27	16 024.08	12 603.90
Қытайлық Тайбэй	115.96	108.05	1 537.55	1 463.01	1 571.32	575.06	571.22	889.54	1 570.74
Колумбия				5.48	17.77	120.60	191.27	321.38	1 106.49
Гонконг ОАР	2 487.00	2 640.90	11 257.51	17 291.58	18 457.41	27 897.10	109 775.16	485 871.69	321 105.72
Үндістан		109.18	749.85	3 395.05	3 498.04	3 247.64	1 898.20	4 798.54	8 291.62
Индонезия		3.90	21.89	71.44	3.58	2 127	10.06	12.59	57.41
Израиль						369.63	2 17.55	558.52	480.83
Корея	7.27	81.90	869.38	5 386.43	10 690.61	7 836.95	6 618.27	8 524.08	10 834.32
Малайзия	0.75	30.10	57.72	136.85	129.56	145.96	134.77	204.36	310.08
Мексика	380.21	366.21	1 998.87	2 919.47	1 392.05	2 390.04	1 462.66	1 881.48	6 429.02
Жаңа Зеландия	421.25	313.78	1 270.68	2 777.88	1 503.58	2 544.26	4 635.32	16 214.89	9 411.19
Ресей						218.70	107.05	998.27	
Сауд Арабиясы	346.90	127.36	131.70	381.56	206.21	206.59	509.92	213.90	417.97
Сингапур	5 341.14	3 192.87	8 596.55	57 409.72	34 579.31	37 143.35	58 026.19	116 442.89	155 974.18
Оңтүстік Африка	754.18	578.17	2 961.03	4 473.99	6 031.95	10 590.24	9 196.32	13 980.32	11 855.21
Тайланд		8.00	95.73	386.31	702.22	766.83	321.38	1 088.99	990.92
Түркия			34.86	122.12	4.07	123.80	141.63	375.46	208.30
Біріккен Араб Әмірліктері								3 006.91	3 870.76

Сурет 1. Елдер бойынша биржадан тыс (OTC) бір валютадағы пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдарының айналымы (млн АҚШ доллары)




Дамушы нарықтар дамыған нарықтарға қарағанда көбірек құбылмалылыққа ұшырайды. Дамушы нарықтарға тән құбылмалылық өтімділік оқиғаларына, пайыздық мөлшерлеменің өсуіне және экономикалық белсенділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Пайыздық тәуекелді хеджирлеу және басқару үшін пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдарды орынды пайдалану мүмкіндігі тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Пайыздық туынды құралдар бойынша овернайт индекс своптары және басқа своптар түрлері айналымның ауқымды көлемін алады, күндік көлемі шамамен 2 трлн АҚШ долларын құрайды. Форвардтық мөлшерлеме келісімдері 0,5 трлн АҚШ доллары шамасын құрайды (2-сурет). Овернайт индекс своптары және басқа своптар АҚШ доллары және евро бағамдарында көбінесе жүргізіледі. Дамушы елдер бағамдары қатарынан жаңа зеландия доллары, корей воны, мексика доллары, үндістан рупиясы және жэньминьбиде биржадан тыс OTC пайыздық мөлшерлеменің туынды қаржы құралдары айналымында көлемі бар (2- кесте). Пайыздық туынды құралдар нарығының тиімді дамуы үшін негізгі сенімді пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші болуы қажет (ISDA, 2024).

Кесте 2. Құрал және валюта бойынша биржадан тыс (OTC) пайыздық мөлшерлеменің туынды қаржы құралдары айналымы (млн АҚШ доллары), 2022 ж.

	Форвардтық мөлшерлеме келісімдері	Овернайт индекс своптары	Басқа своптар	Опциондар
USD	26 100.38	1 067 608.93	1 115 073.79	66 826.92
EUR	420 702.78	675 010.35	591 842.13	65 424.80
GBP	1.20	307 013.54	33 566.87	9 597.93
AUD	1 659.69	132 219.55	144 404.92	1 030.47
JPY	-	34 828.05	13 768.14	68 298.49
CAD	36.70	16 634.75	43 059.00	420.76
NZD	435.32	23 832.90	23 658.68	38.50

KRW	16.39	1 168.34	31 217.86	15 366.87
CZK	8 634.31	-	22 413.19	811.21
CNY	-	967.09	28 517.90	59.37
ZAR	2 983.49	260.26	23 321.32	713.89
SEK	11 936.96	446.32	10 278.85	2 238.91
INR	45.66	15 827.17	7 205.19	52.76
MXN	432.50	822.17	21 047.22	94.23
Басқа	23 471.10	40 546.97	64 368.13	3 588.00

Сурет 2. Құрал және валюта бойынша биржадан тыс (ОТС) пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдар айналымы (млн АҚШ доллары), 2022 ж.




2010 жылдан 2022 жылға дейін бір валютадағы пайыздық мөлшерлеменің биржадан тыс туынды құралдарының айналымының жылдық жиынтық өсу қарқыны Еуроодақта шамамен 4%, АҚШ-та +21%, Канадада +12%, Ұлыбританияда +16%, Аустралияда +23%, Жапонияда (-)11%, Бразилияда (-)23% құрайды. Айналымның жылдық жиынтық өсу қарқыны дамушы нарықтарда 30% жоғары мөлшерді асады және бұл туынды қаржы құралдарына дамушы нарықтарда сұраныстың белгісі: Бахрейнде +162%, Чилиде +47%, Қытайда +53%, Колумбияда +128%, Индонезияда +74%, Мексикада +36%, Жаңа Зеландияда +44%, Түркияда +120% (3,4 – суреттер). Дамушы нарықтарда дамыған нарықтарға қарағанда туынды құралдар айналымы кем болғанымен, оның өсу қарқыны жоғарылау болып келеді (Sundaram, 2012).

Кесте 3. Биржадан тыс (ОТС) пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдарының елдер бойынша айналымы - своптар келісімдері, (млн АҚШ доллары), 2022


АҚШ доллары млн	1998	2001	2004	2007	2010	2013	2016	2019	2022
Еуропа Одағы	72 326.37	207 824.81	269 995.10	363 395.21	353 879.71	227 414.96	174 216.82	187 069.14	444 114.97
АҚШ	31 368.26	81 541.95	196 720.62	317 826.33	309 274.83	382 524.70	898 321.40	1 367 715.32	1 628 896.02
Жапония	17 611.83	12 561.90	22 005.71	49 082.10	82 299.86	55 859.64	47 358.38	69 364.53	48 495.89
Канада	2 926.12	6 073.20	7 264.74	10 774.75	34 553.14	25 185.75	29 343.60	86 666.96	70 189.26
Ұлыбритания	68 754.30	141 738.26	299 146.38	710 077.58	738 630.60	795 804.92	757 278.55	2 228 031.70	2 101 318.42
Аустралия	1 272.38	4 049.76	6 650.65	17 788.23	33 580.90	46 713.04	51 398.73	83 697.70	112 237.02
Бахрейн	89.76	46.70	80.82	141.48	47.92	75.15	541.10	3 97.07	4 904.14
Бразилия	-	228.60	776.75	125.55	5 489.33	3 492.36	1 265.99	1 787.02	1 555.25
Чили	-	-	19.62	4.25	200.18	13.20	300.89	1 029.64	1 360.78
Қытай	-	-	-	-	206.46	12 958.85	4 015.13	13 922.52	10 113.33

Қытайлық Тайбэй	115.48	58.05	657.50	906.55	1 479.71	544.56	525.08	793.80	1 418.49
Колумбия	-	-	-	0.53	17.44	107.22	162.22	321.36	1 101.12
Гонконг ОАР	1 939.33	1 894.90	9 593.82	15 991.19	15 828.37	23 687.26	73 810.64	373 982.48	305 147.06
Үндістан	-	95.88	650.46	3 395.05	2 334.34	3 213.16	1 831.27	4 754.46	8 241.96
Индонезия	-	3.90	17.61	67.34	3.48	18.34	10.06	11.27	57.41
Израиль	-	-	-	-	-	34.48	152.40	195.83	372.56
Корея	7.27	64.35	705.38	4 507.98	9 854.68	7 569.65	6 010.56	8 240.75	10 791.59
Малайзия	0.75	4.50	46.73	125.33	129.56	143.80	46.88	117.24	309.61
Мексика	-	147.26	424.46	2 361.58	1 293.03	2 247.19	1 402.18	1 753.70	6 367.12
Жаңа Зеландия	100.90	107.61	411.21	2 144.12	681.88	1 251.39	4 478.84	15 621.87	9 378.41
Ресей	-	-	-	-	-	218.70	107.05	360.25	-
Сауд Арабиясы	75.45	111.64	100.04	111.12	190.45	197.86	490.72	172.84	389.74
Сингапур	4 183.20	2 392.05	5 576.94	54 240.18	28 570.38	22 752.40	55 675.22	94 066.13	132 919.91
Оңтүстік Африка	213.68	100.61	1 062.87	1 330.90	1 092.84	1 780.60	857.22	5 509.63	8 743.30
Тайланд	-	5.50	93.09	370.69	663.06	747.88	310.00	1 085.78	990.00
Түркия	-	-	0.24	20.85	4.07	96.46	139.18	86.63	175.62
Біріккен Араб Әмірліктері	-	-	-	-	-	-	-	2 321.97	3 306.36

Сурет 3. Биржадан тыс (ОТС) пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдарының елдер бойынша айналымы - споттар келісімдері, (млн АҚШ доллары), 2022 ж.



Сурет 4. Биржадан тыс (ОТС) пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдарының елдер бойынша айналымы - форвардтық мөлшерлеме келісімдері, (млн АҚШ доллары), 2022 ж.




Пайыздық мөлшерлеме тәуекелін тиімді басқару қажеттілігі өсіп келе жатқан мәселе болғанымен, дамыған және дамушы елдерде валюталық

тәуекелді басқару құралдары нарық қатысушылары және реттеушілері үшін аса маңызды болады. 2019 жылдың сәуір айында дамушы нарықтардағы валюталық туынды құралдардың айналымы пайыздық мөлшерлеменің туынды құралдары айналымына қарағанда төрт еседен астам жоғары болды (ISDA, 2022). Бұл тренд дамыған экономикаларда өзгеше, себебі дамыған нарықтарда валюталық туынды құралдары бойынша айналым пайыздық мөлшерлеме туынды құралдары айнылымының шамасында болады, және пайыздық мөлшерлеме бойынша туынды құралдар көлемі асып кетеді.

